

ларға қарсы күресудің адам өмірін ұзар-
тудың жаңа әдістерін іздеп табуда. Со-
веттік биология адамзаттың маңдайалды
ақыл нелерінің ғасырлар бойы арман ет-
кен ғылымының қасиеттерің өз бойына
жыйған.

үшін және Гавловтың ең қат шәкірте-
рінің бірі—Н. И. Красногорский балалар-
дың жоғарғы жүйке қызметін зерттегені
үшін және бұл саладағы еңбектері үшін
жоғары наградтар алды.
Куйбышев мемлекеттік медицина инс-

лымның ұлы данышпаны Сталин жолдас
совет ғалымдарын үздіксіз прогресс жо-
лымен біздің халқымыздың және бүкіл
адамзаттың игілігіне табиғатты білуде
және меңгеруде жаңа шырларға жету
жолымен алға бастап келеді.

өте-өте нашар.
Хрущев атындағы және «Сталин жо-
лы» ауылшаруашылық артельдері де
быйылғы мал қыстатуда көп қиыншы-
лықтарға кездесті. Бұларда да мал азы-

Социалистік мал ша-
кендетін, оның өнімділі-
гетінің ойдағыдай шең-
азығының берік қоры-
нысты. Олай болса, ау-
шөй шабуға әзірлікті
рып, үетіміздегі жыл-
үшін құнарлы жемшөп
қамтамасыз етуге мінд-

Кеше мектептерде емтихан мен сынақ басталды

Алғашқы сағатта

...Қала орталығындағы ұлы жазушы
Максим Горький атындағы ер балалар
жетікжылдық мектебінің үйі 20 май күні
мереке күнідей бөздендірілді. Үй төбесін-
де желбіреген қызыл ту, үй маңдайша-
сындағы қызыл матаға жазылған «Қош
келдіңіздер!» деген транспарант оқушы-
лардың әлде қандай бір қуанышын бей-
нелеп тұрғандай әсер етеді.

Қоңырау соғылғаннан кейін оқушылар
әдепнен класқа кірді.

Міне, IV «в» класы. Орыс тілі пәні-
вен сабақ берушісі Зоя Илларионовна
Тагильцева емтиханның басталғандығын
хабарлап, тақтаға «Колхозға баратын
жолда» деген диктанттың тақырыбын
жазды.

Оқу жылын ойдағыдай аяқтаған оқушы-
лар диктант жазуға жұмыла кірісті. Класс
іші бейне бір тыныштықтың құшағына
енді. Көп ұзамай-ақ оқуды жыл бойы
өте жақсы оқыған оқушы Владимир Ива-
нов өзінің жазған диктантын бірінші
болып мұғалимаға ұсынды. Оған іле-ша-
ла екінші болып Ғалина Дедекина, Алик
Мең жазба жұмыстарын тапсырды.

Бұл класс мектепте бірінші болып ал-
ғашқы емтиханды ойдағыдай өткізді.
Классағы оқушылардың үштен бірі
емтиханды «5» деген бағаға тапсырды.

Е. ЖҰМАШЕВ.

Емтихан басталды

Кең байтақ Отанымыздың барлық мек-
тептеріндегідей Ленин атындағы қыз ба-
лалар орта мектебінде де көптен күткен
күн — емтихан күні туды, емтихан бас-
талмастан бұрын мектеп кластары әдемі
түрге келтірілді.

20 май. Мектеп оқытушылары мен ке-
зекшілер, класс жетекшілері емтихан
беруге келген оқушыларды жылы жүз-
бен қарсы алды. Емтихан бастал-
мастан бұрын мектептің оқытушы-
лары мен оқушылары ағаштармен қор-
шалған мектеп қорасының ішіне жый-
налды. Мектеп директоры оқушыларды
емтиханның басталуымен құттықтап,
олардың барлық сабақтардан емтиханды
5 және 4-ке беруіне шын жүректен ті-
лектестік білдірді. Директор Р. Ғ. Даулет-
келдиева жолдас оқушыларға арнаған
сөзін:

—Сіздердің емтихандарда өте жақсы
және жақсы баға алуларыңызға біздің
сүйікті Отанымыз, совет халқы, совет
жастарының әкесі, досымыз ұлы Сталин
камқорлық жасап отыр. Емтихандарда сіз-
дер алатын жоғары бағалар біздің хал-
қымызға, туысқан үкметімізге және кәсе-
міміз Сталин жолдасқа лайықты жауап
болатындай болсын,—деп аяқтады.

Мұнан кейін осы қыз балалар орта
мектебін бітірген, қазір Москва қаласы

мен Омбы қаласындағы жоғары дәрежелі
мектептерде оқып жүрген студенткалар-
дың емтиханның басталуымен оқушылар
ды құттықтаған телеграммалары оқыды.

Қоңырау соғылуға санаулы минуттар
қалды. Оқушылардың жүздері қуаныш-
ты, көңілдері көтеріңкі, олар бөлмелерге
тәртіппен кіре бастады.

10-класста әдебиеттен, 5-ші кластарда
арифметикадан, 9-кластарда тарихтан ем-
тихан басталды. Оқушылар әдеттегідей
алғашқы уақытта толқығандарымен жаз-
ба жұмысы мен есептің тақырыбын көр-
геннен кейін тынышталысты да, жоспар
жасап, есептерді шығаруға, жазба жұ-
мысқа кірісті.

9-класс оқушылары тарих пәнінен
емтихан бергенде өздерінің өткен мате-
риалды жақсы білетіндіктерін, тіл шебер-
лігін көрсетті. Әресе Ибрагимова, Чамас-
ба, Виноградова және Капаранова сыяқты
оқушылар берген жауаптарында маркс-
изм-ленинизм классиктерінің шығармала-
ры мен көркем әдебиетті орынды жерінде
пайдалана білді.

5-10-класс оқушылары есеп шығару
мен шығарма жазу жұмысын уақытында
аяқтады.

Ж. МҰҚАНОВ.

Алғашқы нәтижелер

Калинин атындағы № 5 қазақ орта
мектебінің коллективі кластан-класқа
көшу және кәмелеттік аттестат алу ем-
тиханын қуанышпен қарсы алды. Оқу-
шылардың қуанышында шек болмады.

...Кәмелеттік аттестат алатын 10-класс
оқушылары емтихан болатын класқа кі-
ре бастады. Таңертеңгі сағат 9-да
барлық кластарда емтихан басталды. Ем-
тихан комиссиясының председателі қоңы-
рау соғылып, оқытушылар орындарына
отырғаннан кейін қазақ әдебиетінен бола-
тын емтиханға үш тақырып беріліп
отырғандығын айтты. Кәмелеттік аттес-
татқа емтихан берушілер А. М. Горькийдің
«Ана» романы—социалистік реализм әді-
сінің негізін салушы шығарма» және
«Ұлы Отан соғысынан кейінгі дәуірдегі
қазақ совет әдебиеті» деген тақырыптар-
ға шығарма жазуға кірісті.

Сол сыяқты, 4-5 кластарда да емти-
хан ұйымдасқан түрде өтті. 4-класстың
Әмірқұлова, Меңдіханова, Мағауина, Ахме-
това, Мәкеева және Сүлейменова сыяқ-
ты оқушылары арифметикадан жазбана
жұмыста 5 деген баға алды.

5 және 9 кластарда болған емтихан-
дардың нәтижелері де көңілдегідей бол-
ды.

Р. В. НАЗЫРОВА,
Мектептің оқу ісін меңгерушісі.

ПРЕСНОВКА.

ПЕТРОПАВЛДА
МЕКТЕПІ
1952 —53

Сырттан оқыты
ауыл шаруашылығы
былданады:

6—9 кластарды
сынақсыз қабылдап
ша сынақ тапсыра
7—8 кластарға
сынан.

9—10 кластарға
физикадан және хи
Мектепке түсу
фотосуретіңізді (3х
анықтамаңызды жи
Адрес: Петропа

«УДАРНИК» кино

Бүгін және күн сайы
«ДАНА АДАМҒА
ИЙИМДЫЛЫҚ АР
Сеанстар сағат 6-8-1

СОЛТҮСТІК І ОБЛЫСТЫҚ «ГЛА БӨЛІМ

облыс экрандарын
дің комедиясымен
адамға да қарапай
емес» деген кино-к
бастады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-36, редактордың о
партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс еті.